IQAA

**БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ (БСҚА - IQAA)**

**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университет**

# «6М020500-Филология: қазақ тілі, орыс филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша Тәуелсіз сарапшылар тобының сырттай бағалау ЕСЕБІ

Сыртқы бағалау мерзімі 10-11 желтоқсан 2018 жыл

**АСТАНА-2018**



**Қосымова Гүлбану Сейілбекқызы**
*Сараптама тобының жетекшісі*
Абай атындағы ҚазҰПУ, Академик С. Қирабаев атындығы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы



**Колесникова Светлана Михайловна**
*Халықаралық сарапшы*
Мәскеу педагогикалық университеті, орыс тілі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы



**Асанбаева Сауле Асанбаевна**
*Ұлттық сарапшы*
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент



**Минайдарова Мария Естаевна**
*Ұлттық сарапшы*
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті,
Орыс филологиясы кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент



**Садыкова Зауре Жакановна**
*Жұмыс берушілер өкілі*
№48 мектеп-лицей директоры
Астана қаласы



**Қосылбекова Ақмарал Аскербекқызы**
*Студенттер өкілі*
Еуразия гуманитарлық институты, 3 курс студенті, Астана қаласы

Отчет по внешнему аудиту НАОКО-IQAA

***Уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел образовательной программы* 6М020500 – Филология: казахская, русская *в Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева по каждому стандарту***

| **Стандарты** | **Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта** | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Полное соответствие** | **Значительное соответствие** | **Частичное соответствие** | **Несоответствие** |
| *Стандарт 1* Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества | + | | | |
| *Стандарт 2* Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией | + | | | |
| *Стандарт 3* Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка | + | | | |
| *Стандарт 4* Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация | + | | | |
| *Стандарт 5* Профессорско-преподавательский состав | + | | | |
| *Стандарт 6* Учебные ресурсы и поддержка студентов | + | | | |
| *Стандарт 7* Информирование общественности | + | | | |

**Қосымова Гульбану Сейльбековна** _______________

**Колесникова Светлана Михайловна** _______________

**Асанбаева Сауле Асанбаевна** _______________

**Минайдарова Мария Естаевна** _______________

**Садыкова Зауре Жакановна** _______________

**Косылбекова Ақмарал Аскербекқызы** _______________

3

# МАЗМҰНЫ

**ТАРАУ 1 КОНТЕКСТ ЖӘНЕ КЕЛУ МАҚСАТЫ**
Кіріспе 5
Оқу орны туралы негізгі мәліметтер 5

**ТАРАУ 2 САРАПТАМАЛЫҚ ТОПТЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ ЕСЕБІ**
Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі

Кіріспе 7
Стандарт 1.
Білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты 8
Стандарт 2.
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару 10

Стандарт 3.

Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау 15

Стандарт 4.
Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау……………..22

Стандарт 5.
Профессор-оқытушылар құрамы 26

Стандарт 6.

Оқу ресурстары және студенттерді қолдау 30

Стандарт 7.
Жұртшылықты ақпараттандыру …33

**ТАРАУ3**
**ҚОРЫТЫНДЫ …35**
**ҚОСЫМША**
**1 қосымша 38**
**2қосымша 41**

# ТАРАУ 1 КОНТЕКСТ ЖӘНЕ КЕЛУ МАҚСАТЫ

## Кіріспе

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінде мамандандырылған (бағдарламалық) аккредитация аясында сарапшылар тобының сыртқы бағалауы 2018 жылдың 10-11 желтоқсан күндері өтті.

- Сыртқы бағалау БСҚА әзірлеген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Жұмысқа қажетті барлық материалдар: келу бағдарламасы, өзін-өзі бағалау білім беру бағдарламасының үш тілдегі есебі, сыртқы бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық және басқа да құжаттар сараптама тобының мүшелеріне білім беру ұйымына жұмыс басталғанға дейін ұсынылды, бұл сыртқы бағалау рәсіміне уақытылы дайындалу мүмкіндігін қамтамасыз етті.
- Білім беру ұйымының оқу, тәрбие және ғылыми процестердің ұйымдастырылуы, материалдық-техникалық базасы туралы және олардың стандарттарға сәйкестігі, білім алушылар мен қызметкерлермен олардың жұмыс орындарында жүргізілген сұхбат нәтижелері сыртқы сарапшыларға білім беру бағдарламасының өзін-өзі бағалау есебі сәйкестігіне тәуелсіз бағалау жүргізуге қолайлы жағдай туғызды. Сарапшылар зертханаларды, ғылыми кітапханаларды және т. б. құрылымдық бөлімшелер жұмыстарымен танысып шықты.
- Сыртқы бағалау жүргізу барысында сарапшылар кафедралардың құжат айналымымен, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және материалдық-техникалық қамтамасыз етілумен егжей-тегжейлі танысу мақсатында сабақтарға қатысты.

## Оқу орны туралы негізгі мәліметтер

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті 22 жылдан бері білім беру нарығындағы Қазақстанның жетекші классикалық жоғары оқу орындарының бірі. Университет интернационалдандырудың серпінді дамуына, озық ғылыми орталық болуға, халықаралық университет мәртебесін иеленуге ұмтылады.

Бүгінгі күні Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ бірқатар халықаралық ұйымдар мен қауымдастықтардың, соның ішінде Еуразиялық университеттер қауымдастығының, Азия университеттерінің қауымдастығы, IREG, (STAR-NET) «Ядролық технологиялар саласындағы мамандарды даярлау және оқыту» аймақтық желісі, ТМД елдерінің желілік университеті, Түркі университетаралық бірлестігі мен Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы ЖОО мен ғылыми-зерттеу институттары арасындағы ғылыми-білім беру консорциумы және ШЫҰ Университетінің және т.б.белсенді мүшесі болып табылады.

Университеттің халықаралық танымалдылығы Еуропаның, Азияның, Американың, Африканың және Океанияның 52 елінің жоғары оқу орындарымен, ғылыми ұйымдарымен, елшіліктерімен және ғылым-білім беру қорларымен 343 келісімшарт негізіндегі ынтымақтастығының нәтижесі болып табылады. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары: академиялық

ұтқырлық, бакалавриат, бірлескен ғылыми зерттеулер, профессорларды шақырту, Erasmus + бағдарламасы аясында ынтымақтастық және т.б.

2017-2018 оқу жылында халықаралық ынтымақтастықтың маңызды саласы Беларусь, Қытай, Түркия, Ирандағы мәдени және білім беру орталықтарының ашылуы болды.

Университет QS World University Rankings (топ 400) халықаралық рейтингісінде өзінің тұрақты орнын көрсетуде және «QS Top Universities Under 50» рейтингісі бойынша әлемнің 50 үздік университеттерінің қатарына кіреді, Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдерінің QS EECA рейтингісінде 2018 жылы 40 орында, «Webometrics» әлемдік университеттер сайттары рейтингісінде ең үздік қазақстандық ЖОО.

2017 жылы ЕҰУ «Физика және астрономия» бағыты бойынша ең үздік 500 QS пәндік рейтингіне енді. ЕҰУ Еуропалық ғылыми-өнеркәсіптік палатасының «Евростандарт» рейтингісінде қазақстандық ЖОО-дар арасында 1, 2 орынды иеленді.

2018 жылыЛ.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Times Higher Education» британдық рейтингінде әлемнің 1258 мекемесінің 1000 + 1-ші қатарына енді. ЕҰУ үшін ең жақсы көрсеткіш интернационалдандыру көрсеткіші болды. Бұл рейтингіге қол жеткізуі - Қазақстандық ЖОО қызметінің халықаралық дәрежеде танылуы мен бағалануының көрсеткіші.

ЕҰУ ТМД Экономикалық кеңесінің «Қызметтер» номинациясы бойынша өнімнің сапа саласындағы жетістіктері мен сапаны басқарудың тиімділігі жоғары әдістері үшін марапатталған (2014).

2018-2019 оқу жылында «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында 17 экспериментальді білім беру бағдарламасы атап айтқанда IT-менеджменті (А), АТ аудиті (В), Экологиялық аудит (Б), Есептеу лингвистикасы (М) , Digital Forensics (M) және т.б.іске асырылды.

2018 жылы Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де студенттерге арналған Welcome centre халықаралық ақпараттық орталығы ашылған.

2018 жылы іргелі және қолданбалы ғылымдар бағытында 100 жоба бойынша зерттеулер жүргізілуде: 217 бюджеттік бағдарлама шеңберінде барлық жеті басым бағыттарда гранттық қаржыландыру бойынша 78 жоба; 5 ғылыми-техникалық бағдарлама және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша 2 мемлекеттік тапсырма; мемлекеттік емес сектордың шаруашылық субъектілерімен 15 ғылыми-зерттеу жұмыстары.

ЕҰУ ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде мемлекеттік аккредиттеу туралы куәлікке ие және 2 ғылыми зертхана аккредитациядан өтті.

Ғалымдар мен қызметкерлердің ғылыми қызметінің тиімділігін көрсететін өлшемдерінің бірі, әсіресе, Web of Science және Scopus (ДБ) деректер базасына кіретін жоғары рейтингті журналдарда жарияланымдық белсенділігі болып табылады: соңғы 5 жылда жарияланымдар саны Web of Science ДБ-да – 949, Scopus ДБ-да – 1329.

ЕҰУ қызметі келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. ҚР Білім және Ғылым Министрлігі «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» РМҚК Жарғысымен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2012 жылғы 1 ақпандағы № 121 бұйрығымен

бекітілген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген. Жарғыға өзгертулер 2014 жылдың 9 сәуірінде және 2017 жылдың 9 тамызында жасалды.

2. Білім беру қызметтерін көрсету құқығына мемлекеттік лицензия: ҚР БжҒМ берген 2011 жылғы 5 сәуірдегі АБ № 0137482 сериясы.

ЕҰУ қызметін басқаруды білім беру саласындағы уәкілетті орган және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 тамыздағы № 974 қаулысының негізінде енгізілген Қадағалау кеңесі жүзеге асырады.

Қадағалау Кеңесінің қызметі «Бақылау кеңесі туралы» ережемен реттеледі, Қадағалау кеңесінің құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 18 қаңтардағы № 18-НС бұйрығымен бекітіледі.

**Заңды тұлғаның мекен-жайы:**

Қазақстан Республикасы,010008,
Астана қ. Сатпаев 2,
оқу және әкімшілік ғимарат.
Тел: + (7172) 709-500Веб-сайт: www.enu.kz

## ТАРАУ 2

## САРАПТАМАЛЫҚ ТОПТЫҢ СЫРТТАЙ БАҒАЛАУ ЕСЕБІ

Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі

### Кіріспе

«6М020500-Филология: қазақ тілі, орыс филологиясы» тілі» білім беру бағдарламасының стратегиялық менеджменті осы бағдарламаны жүзеге асыру үдерісін қамтиды және бағдарламаның тұрақтылығына, ұзақ уақыттық табыстық жетістіктерге бағытталған. Бұл бағдарламаның мазмұны мамандықтың білім беру бағдарламасының талаптарына толық жауап береді, сондықтан білім беру бағдарламасының мазмұнында кәсіби және әлеуметтік құзіреттілік ғылыми, теориялық және практикалық бағдарлаудың талаптарына сәйкес жасалған.

Мамандықтың білім беру бағдарламасының талаптарына сай мамандық бойынша оқытудың ғылыми-әдістемелік негізі тұжырымдалып, танымдық білімі мен дағды әрекетін өзара байланыста дамыту арқылы құзыреттіліктер қалыптастыру, білім алушылардың оқудағы жетістігін бағалаудың бірыңғай өлшемдері және ұстанымдарын белгілеу айқындалады.

Білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға әлемдік және ұлттық руханият, имандылық пен адамгершілік тәрбиесі, ізгілендіру, қоғамның жоғары саналы азаматы ретінде қалыптасуына ықпал етіп, қазақ тілі мен әдебиеті саласында кәсіби қызмет мазмұнын толыққанды меңгеруіне және сапалы кәсіптік білім алуына, мәдени танымының қалыптасуына мүмкіндік береді.

«6М020500-Филология: қазақ тілі, орыс филологиясы» бағдарламасының стратегиялық менеджменті осы бағдарламаны жүзеге

асыру үдерісін қамтиды және бағдарламаның тұрақтылығына, ұзақ уақыттық табыстық жетістіктерге бағытталған. Осы мамандықта білім алушы магистрантарға сауаттылықты меңгерту, тіл мен әдебиеттің негізгі мазмұнын, салаларын оқыту, кәсіби білімін академиялық ұтқырлық бағдарламасы негізінде тереңдету бағыттары ұсталады.

## СТАНДАРТ 1.
## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

**Өлшемдер негізінде талдау және дәлелдемелер:**

Білім беру бағдарламасының мақсаты XXI ғасырдың басында білім берудегі басты жүйелі өзгерістерге, бірыңғай білім беру кеңістігін құру мақсатына, ҚР ГОСО-сының талаптарына және Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеттің миссиясы, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді.

Университет миссиясы ұлттық білім беру жүйесінің мақсат-міндеттері Қазақстан мен Ақмола облысының дамуына сәйкес, яғни аймақтық инновациялық даму үдістерімен және білім беру саласының ұлттық жүйесі мәселелерімен тығыз байланысты. Еуропа елдерінің білім жүйесінде үйлестірілген Болон декларациясының принциптеріне сәйкес кәсіби құзыреттілігі жоғары мамандар дайындауды мақсат етеді.

Білім беру бағдарламасының алдына қойған мақсаты анық әрі білім алушылардың кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған. ҚР МЖМБС стандартына сәйкес, қойылған мақсаттары нақты, айқын, толыққанды. Білім беру бағдарламасының мақсаттары қоғам, экономика, еңбек нарығы сұраныстарына сәйкес; қоғам, экономика, еңбек нарқы қажеттілігін өтеу міндеттерін қамтиды. Білім беру бағдарламасының мақсаттарында эллективті пәндерді оқыту арқылы арнайы мамандық бойынша білімінің тиянақты, толыққанды болуы ескеріледі. Ұлттық дәстүрлер мен мүдделерге жауап беретін білім беруді және  сапаны қамтамасыз етудің тұтас жүйесін құруды мақсат етеді. Болон үдерісі негізінде оқу бағдарламалары мен пәндердің өзара сынақ критерийлерін және біліктіліктерін үйлестіру, академиялық ұтқырлық, ЖОО дербестігі, өзге елдердегі оқу тәжірибесі, технологиялары және әдістемелерімен алмасу мүмкіндіктері қарастырылады.

«6М020500-Филология: қазақ тілі, орыс филологиясы» мамандығы бойынша кафедралардың ғылыми әлеуетін дамыту бағытындағы мақсаттары да айқын. Онда іргелі және қолданбалы ғылым саласы бойынша жүргізілетін зерттеулердің нәтижелі болуы қамтамасыз етілген.

ББ-ның сапаны қамтамасыз ету саласындағы Саясатының маңызды бөлігі ЖОО-дағы жемқорлыққа қарсы күрес саясатын жүзеге асыру болып табылады. Бұл бағытта ЖОО-дағы жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар Декларациясы (23.10.2015) бойынша университеттің білім алушылары, оқытушылары мен қызметкерлері арасында жемқорлыққа қарсы әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылып отырады.

Элективті пәндерді меңгерту негізінде қазақ тіл тілімі, қазақ әдебиеті және орыс филологиясы кафедраларының спецификалық ерекшеліктердің білім беру бағдарламасы мақсаттарында көрініс табуы қанағаттанарлық.

Білім беру мақсатында халықаралық байланысты дамыту қамтылған: «Филология» мамандығы магистранттарының, ОПҚ-ның ғылыми тағылымдамадан өтуін, халықаралық бағдарламалар, гранттар бойынша оқытуды ұйымдастыру жолға қойылған.

Университеттің материалдық-техникалық базасы қазақ тіл білімі, қазақ әдебиеті және орыс филологиясы мен теориялық және қолданбалы лингвистика кафедраларының ОПҚ-ның ғылыми әлеуеті және оқу-әдістемелік қоры білім беру мақсаттарын толықтай орындауға мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасы мақсаттарының тиімділігін жүйелі түрде бағалау жақсы жолға қойылған. ББ бағдарламасы мақсаттарын бағалау үшін ОПҚ, қызметкерлер мен білімгерлер, жұмыс беруші және басқа мүдделі тұлғалар арасында сауалнама жүргізіледі. Мониторинг жүргізудің негізгі әдістері – сауалнама мен тестілеу. Оқу үдерісін жетілдіру мақсатында жүйелі түрде жүргізілетін сауалнаманың қорытындысы 100 % қанағаттанарлық.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім сапасын арттыруда тұтынушылардың білім беру бағдарламасы мазмұнына қоятын талаптары ескеріледі. «6М020500-Филология: қазақ тілі, орыс филологиясы» мамандығының магистрлері жұмыс берушілердің мамандарға қоятын талаптарындағы бағалау критерийлерін қанағаттандырады.

Оқу бағдарламасын іске асыруда аудиториялар замануи талаптарға сай жабдықталған: оқу үдерісінің жоғары дәрежеде өтуіне мүмкіндік беретін мультимедиалық проекторлар, компьютерлер, телекоммуникация және бағдарламалық жабдықтар. Барлық компьютерлер Интернетке шығатын ортақ локальді желіге қосылған. Оқу үдерісін оқу және оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ететін негізгі құрылымдық бөлімше университет кітапханасы болып табылады. Жаңа түскен оқулық, оқу құралдары туралы ақпарат кітапхананың дәстүрлі каталогы мен автоматтандырылған электрондық жүйесіне енгізілген. Кітапханада электрондық каталогтар мен толықмәтінді электрондық оқу материалдарын Интернет арқылы қолдануға жағдай жасалған.

Факультеттің ППС құрамымен, білім алушылармен, кафедра қызметкерлерімен болған интервью барысында олардың университеттің білім беру бағдарламасының мақсат-міндеттерімен жақсы таныс екендігі белгілі болды.

ЖОО-да жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша комиссия, сенім телефоны, ректордың блогы жұмыс істейді, түрлі тақырыпта шаралар өткізіледі. Оқытушылар мен білім алушылардың өз ұсыныстары мен ескертпелерін rektor@enu.kz. электрондық поштасына жіберу мүмкіндіктері бар. ЖОО басшылығы оқытушылар мен қызметкерлердің, білім алушылардың сұраныстарына дер кезінде жауап беріп отырады.

**Ескертулер жоқ**

## Стандарт 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТАРДЫ БАСҚАРУ

**Өлшемдер негізінде талдау және дәлелдемелер:**

ЖОО кейінгі ББ бағдарламасы (магистратура) ғылыми, теориялық, практикалық бағытта кәсіби және әлеуметтік құзіреттіліктер қалыптастыруды көздейді. ЖОО кейінгі білім беру бағдарламаларын меңгерудегі ынталандырушы фактор өңірдің қажеттіліктерін қанағаттандыру және магистратура түлектерінің ғылыми дайындығын докторантурада жалғастыру болып табылады. Кафедралардың кадрлық құрамы, материалдық-құралдық базасы, оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі жоғарыда аталған мамандарды даярлауда жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасының мазмұнында: үш цикл бойынша пәндердің толық тізімі анықталады: жалпы білім беретін, базалық пәндер, кәсіби пәндер. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы (2 жыл) магистрлік оқу бағдарламасы 2 модуль; яғни базалық және кәсіби модульдерді, іс-тәжірибе, бітіруші модульдерін қамтитын оқу-жұмыс жоспарлары арқылы іске асырылады. Міндетті оқу пәндері Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және ҚР БҒМ бекіткен пәндердің типтік бағдарламалары негізінде, ал таңдау компоненттері оқытушы-профессорлық құрамының құрастыруымен, университеттің Кеңесі мақұлдап бекіткен оқу бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Оқу-жұмыс жоспарлары, оқу бағдарламалары талаптарға сай, барлық нысандар сақтала жасалған.

Магистратурада пәндер тізімі мен көлемі типтік оқу жоспарларына, таңдау компоненті пәндер құрылымы мен мазмұны жағынан еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарына, біліктілік сипаттамасына сай келеді.
Білім беру мазмұнын құрайтын теориялық және практикалық бөлімдердің арақатынасы мақсатты түрде белгіленеді. Блок бойынша пәндердің құрылымы белгіленген нормаға сәйкес.

Қойылған мақсаттарға байланысты сабақ түрлері мен оқыту технологиясының неғұрлым тиімді жетістіктері қарастырылған. «6М020500-Филология: қазақ тілі, орыс филологиясы» мамандығы магистратурасына сабақ жүргізетін оқытушы-профессорлық құрамының оқу-әдістемелік кешендерін университеттің СМЖ-сі белгіленген «Докторантура мен магистратураға білім беру модулінің оқу-әдістемелік кешенін дайындау Ережесі» негізінде құрастырылады.

Оқу үрдісіне қазіргі ақпараттық технологияларды қолданумен бірге, жаңа технологиялар, электрондық оқулықтар, компьютерлік оқыту бағдарламалары, мультимедия технологиялары, бейнедәрістер, кейс-әдістер енгізілген. Оқытушы-профессорлық құрамы өз сабақтарында проблемалық-дамыта оқыту, жоба әдісі, зерттеу әдісі, салыстырмалы-сараптау, сыни тұрғыдан ойлау әдістерін пайдаланады.

Дәріс сабақтары мынандай түрлерде өткізіледі: дәріс конференция, дәріс диалог, визуалды дәріс, консультация дәріс, видио дәріс т.б. Дәрістің бұл түрлері магистранттардың білімді ғылым мен ұштастырып, өзіндік ізденіс жұмыстарына баулиды.

Практикалық сабақтар тренинг, жұппен, топпен жұмыс, пікір-сайыс түрінде өткізіледі. Магистранттар мен докоранттардың әр тақырыпқа

ғылыми, сыни тұрғыдан өз пікірін білдіріп, дәлелдеуге, ойын тұжырымдауға мүмкіндік беріліп, жетістіктері қолдау тауып отырады.

Білім беру бағдарламасы аясында кредиттік технология негізге алынады. Соған сәйкес білім беру бағдарламалары жасалған. ББ-ның бекітілген электрондық нұсқасы www.enu.kz сайтына тіркелген. ББ бойынша оқу нәтижесінде болашақ мамандар мынандай құзіреттіліктерге ие болады: жалпымәдени (пәндік) құзіреттілік және кәсіби құзіреттілік. Жалпы білімділік, әлеуметтік-этикалық, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық құзыреттіліктерін игерген мамандар даярлау көзделеді.

«6М020500-Филология: қазақ тілі, орыс филологиясы» білім беру бағдарламасының мазмұнында магистранттың аудиториялық жүктемесі мен өзіндік жұмыс арасындағы арақатынас анықталған, білім берудің теориялық және практикалық мазмұны мақсатқа лайықты қатынаста белгіленген. Магистранттың аудиториялық жүктемесі мен өзіндік жұмыс арасындағы арақатынас кредиттік технология бойынша ҚР БҒМ нормативтік құжаттарына сәйкес анықталады. 6М020500 – «Филология» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының еңбек көлемі есебімен оқу жоспарында қарастырылған магистранттың оқу қызметінің барлық түрлері мен нысандары ескеріледі (аудиториялық және өзіндік жұмыс, тағылымдамалар, практикалар, сондай-ақ магистранттар білімін бақылау нысандары). 6М020500 – «Филология» мамандығы бойынша бір кредиттің еңбек көлемі – 15, жалпы оқу кезеңінде магистрант кем дегенде 59 кредит жинайды.

«6М020500-Филология: қазақ тілі, орыс филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша және оқу жұмыс жоспарына сәйкес практиканың екі түрі қарастырылған: педагогикалық (3-семестр, 3 кредит) және зерттеу (4-семестр, 3 кредит). Олар магистранттың жеке жұмыс жоспары мен академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімдерде іске асырылады. Практика туралы ережеге сәйкес Практикадан өту шарты мен практика бағдарламасы практиканың басталуына дейінгі күнтізбелік екі айдан кешіктірілмей бекітіледі.

Білім беру бағдарламалары оқу-әдістемелік жағынан толық қамтамасыз етілген. Барлық пәндер бойынша оқу бағдарламалары (силлабустар) және пәннің оқу-әдістемелік кешендері (ПОӘК) бар. Білім алушыларды қолдау мақсатында білім беру бағдарламасы бойынша оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендері университеттің «Платонус» білім порталына жүктелген. Магистранттар жеке кабинеттері арқылы ПОӘК-пен танысып, оқу үдерісінде пайдаланады. Бұл оқу ресурстарына толық қолжетімдікті қамтамасыз етіп отыр. Сонымен қатар білім алушыларға мамандықтың типтік оқу жоспары мен ЭПК негізінде «Платонус» порталы арқылы өздеріне қажет пәнді таңдау құқығы берілген. Осы негізде «Платонус» білім порталында магистранттардың жеке оқу жоспарлары түзіледі.

Білім алушыларды қолдау мақсатында заманауи талаптарға сай әзірленген барлық электронды оқу басылымдары веб-сәйкестендірілген және университеттің білім беру порталына салынған (www.enu.kz).

Білім беру бағдарламасы Ұлттық біліктілік шеңберінде және кәсіби стандарттар талаптарына сәйкес жасалады. Білім беру бағдарламасы магистранттар мен еңбек нарығының қажеттілігін негізге алады. Оқу

жоспарын жасауда жұмыс берушілердің ұсыныстары есепке алынады. Бағдарлама аясында тұтынушыларға, жұмыс берушілерге сауалнамалар жүргізіледі. Оған бітірушілерге берілген мінездемелер дәлел бола алады.

Магистранттардың оқу жүктемесінің еңбек сыйымдылығы оқу жоспарында көрсетілген аудиториялық (дәріс және практикалық сабақтар), аудиториядан тыс (өздік жұмыстары, МҒЗЖ, практика түрлері) жұмыстардан тұрады. Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қашықтықтан оқыту түрі қажет болған жағдайда жүзеге асырылады.

Білім беру сапасын іштей бағалау, қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін білім беру бағдарламасына оқу үдерісінде үздіксіз сараптама жүргізіліп отырады. Бұл жұмыстардың тиімділігі, бағалау сапасы білім алушылар арасында түрлі сауалнамалар жүргізу, оқытушылардың оқу-әдістемелік құралдарын тексеру, кафедра оқытушыларының өзара сабаққа қатысуы, ашық сабақтар өткізуі арқылы жүргізіледі.

Оқу орны білім алушылардың, қызметкерлердің және мүдделі тараптардың қатысуымен жинақталған, талданған ақпараттар негізінде үнемі бағдарламаларды қайта қарап, бағалайды. Бұл көрсеткішті талдау барысында магистранттар контингенті туралы мәлімет; магистранттардың оқу үлгерімі; бағдарламаны жүзеге асыру дәрежесімен қанағаттануы; білім беру ресустарының қолжетімділігі; түлектердің жұмыспен қамтылуы (мамандық бойынша жұмыспен қамтылуы 100 пайызды құрайды); ЖОО жұмысының басты көрсеткіштері негізге алынады.

ЖОО-да білім беру бағдарламасы бойынша магистр академиялық дәрежесінен кейін 6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша докторантурада білімдерін жалғастыруға мүмкіндіктері бар.

Оқу-жұмыс жоспары  пәндердің типтік жоспары мен элективті пәндер каталогына сай құрастырылған. Каталогта мамандық пәндерінің қысқаша мазмұны беріледі, сондай-ақ 5.05.2001-2005 ж. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру оқу пәндерінің жүйесін кодтау» туралы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес пәндерді кодтаудың бірыңғай жүйесі қатаң сақталады. Каталогтың құрамына магистранттардың өз бетінше білім алу траекториясын анықтауға барлық мүмкіншілікті беретін міндетті және таңдау компоненттеріне кіретін пәндер енгізілген. Магистранттар жеке жұмыс жоспарларын құруда пәндер каталогын пайдаланады.

Таңдау компоненті ретінде ұсынылатын пәндер саны жеткілікті. Оқу-жұмыс жоспарларында БП және КП модульдерінде ТК-нің саны 2-3 берілген. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы (2 жыл) магистрлік оқу бағдарламасы 2 модуль; яғни базалық және кәсіби модульдерді, іс-тәжірибе, бітіруші модульдерін қамтитын оқу-жұмыс жоспарлары арқылы іске асырылады. Магистранттар негізінен арнаулы және ЖОО даярланатындықтан, ЖОО интербелсенді оқыту әдістемесі, ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу технологиялары т.б. пәндер енгізу назарда ұсталады.

Оқу-әдістемелік кешеннің (ОӘК) құрамына: типтік бағдарламаның көшірмесі; жұмыс оқу бағдарламасын немесе оқу бағдарламасын (талдау компоненті - болып табылатын пәндер үшін); магистранттарға арналған бағдарлама (силлабустар); дәрістердің қысқа мерзімді курстары; СӨЖ-дің

жүзеге асуына әдістемелік ұсыныстар; емтихандық материалдар (сұрақтар, тестер); пәнді әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету картасы кіреді.
ПОӘК құжаттары университеттің «Пәндердің оқу-әдістемелік кешені жайлы Ережеге» сәйкес қағаз жүзінде және электрондық нұсқада рәсімделеді.

ПОӘК аталған пәннің жүргізілуін қамтамасыз ететін кафедра отырысында қаралады және сараптама жүргізу үшін факультеттің әдістемелік кеңесінің қарастырылуына жіберіледі. Одан әрі ПОӘК Оқу-әдістемелік кеңесте қаралады. Оқу-әдістемелік кеңесте қаралғаннан кейін ПОӘК-ті Бірінші проректор – оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректор бекітеді.

Университетте білім беру сапасын ұйымдастыру және басқару жүйелі түрде іске асырылады. Магистратурадағы оқу үрдісі академиялық-күнтізбелік жоспарда көрініс табады. Онда сабақ кезеңдері, емтихан сессиясы, практиканың түрлері, курстық жұмыс және диссертацияны қорғау уақыты толықтай көрсетіледі.

Білім беру қызметінің сапасын бақылаудың маңызды көрсеткіші қорытынды мемлекеттік аттестация нәтижесі болып табылады. Магистрантардың қорытынды мемлекеттік аттестаттау «Магистранттардың қорытынды мемлекеттік аттестаттау туралы Ереже» талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Қорытынды мемлекеттік аттестация жүргізу үшін мемлекеттік аттестаттау комиссиясы құрылады. Талапты күшейту мақсатында комиссия төрағалығына республикадағы ЖОО-лар мен ғылыми-зерттеу ұйымдарының көрнекті ғалымдарын шақыру жолға қойылған.

Оқу үрдісіне қазіргі ақпараттық технологияларды қолданумен бірге жаңа технологиялар, электрондық оқулықтар, компьютерлік оқыту бағдарламалары, мультимедиа технологиялары, видеодәрістер, виртуалды лабораториялық жұмыстар және кейс-әдістер енгізілді. Университеттің оқу-әдістемелік бөлімі оқытудың инновациялық әдістерін енгізудің орталықтандыру жұмысын жүргізеді.

Оқу жоспары мен қойылған міндеттердің орындалуын бақылауды, сондай-ақ оларды жетілдіру үшін кері байланысты қамтамасыз ететін білім беру бағдарламасын сараптау және сапасын бағалаудың ішкі үзіліссіз, тиімді механизмі бар. Мамандық бойынша білім беру бағдарламаларының тиімді жүзеге асырылуы сыртқы және ішкі бақылау арқылы бағаланады. Ішкі бақылау оқу-әдістемелік, мониторинг және сапа менеджменті бөлімдері арқылы жүргізіледі. Аталған талдау жұмыстарын жүргізу ОӘБ-ге білім беру бағдарламаларын жақсартуға бағытталған түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. ББ тиімді жүзеге асырылуы оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының көрсеткіші негізінде бағаланады.

Университеттің құрылымдық бөлімшелері мен жекелеген қызметкерлерінің жұмысын жүйелі тексеру және кемшіліктерді түзету арқылы мамандарды дайындау сапасын арттыру мақсатында әр алуан мәселелерді тексеретін жұмыс топтары, комиссиялар құрылып жұмыс істейді. Оның нәтижесі Ғылыми немесе оқу-әдістемелік кеңесте талқыланып, шешімдер қабылданады.

Білім беру бағдарламасын бекіту барысында сыртқы сарапшылар Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамыту республикалық үйлестіру-

әдістемелік орталығымен, №28 орта мектеп, №30, №48 мектеп-лицейлермен, Еуразия гуманитарлық институтымен келісіледі.

Есептік кезеңде «6М020500-Филология: қазақ тілі, орыс филологиясы» білім беру бағдарламасын талдау, бағалау және қайта қарау үдерісіне Астана қаласындағы білім беру мекемелері мен орталықтардың жауапты тұлғалары (Еуразия гуманитарлық институты, «Тіл-қазына» республикалық ғылыми-практикалық орталығы, № 28 орта мектебі, № 30, №48 мектеп-гимназиялар), бағдарлама бойынша бітірген түлектер мен білім алушылар қатыстырылып, ББ-дағы элективті пәндер бойынша ұсыныстары мен сұраныстары толығымен қанағаттандырылды. Соның нәтижесінде, 2015-2016, 2016-2017, 2017-2018 оқу жылдары білім беру бағдарламасындағы міндетті пәндердің мазмұны кеңейтіліп, қазақ және орыс филологиясының жаңа бағыттары мен өзекті мәселелерін қамтитын элективті пәндермен толықтырылды (enu.kz).

Қазақ әдебиеті және орыс филологиясы кафедраларын тексеру барысында көз жеткізілді: базалық модуль бойынша таңдау компоненттері міндетті компонентке енген пәндер мазмұнын қайталамауға, магистранттар қызығушылығын оятып, ғылыми зерттеу жұмыстарына, шығармашылыққа бағыттайтын мазмұнда болуы ескеріледі. Таңдау компоненттеріне енгізілетін пәндердің мақсат-міндеттер, күтілетін нәтижесі, ғылымилығы, жаңашылдығы, құзыреттілігі мәселелері кафедра отырысында қаралып, ОӘК-ні университеттің Ғылыми кеңесіне ұсынылып, бекітіледі.

Кафедралардағы пәндердің оқу-әдістемелік кешенін тексеру барысында көз жеткіздік: төмендегі инновациялық технологиялар мен оқытудың интерактивті әдістері неғұрлым тиімді түрде енгізілуде: проблемалық-дамыта оқыту; сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту; академиялық оқу және жазу; оқытудың модульдік технологиясы; ақпараттық-компьютерлік технологиялар; жобалау әдісі және т.б.

Практикалық сабақтардың басым көпшілігі белсенді формаларда тренинг, топпен жұмыс, жұппен жұмыс, ой қозғау, кластер, атаулар кестесі, қос жазба күнделігі, сыни тұрғыдан ойлау, ойсергектер, логикалық тапсырмалар, Блум таксономиясы, INSERT, жигсо, пікірталас, бірлескен жоба немесе топтық зерттеу, миға шабуыл, case-study, эссе, портфолио, ойындар (іскерлік, рөлдік, имитациялық), грамматикалық талдау және т.б. түрінде жүргізіледі. Сонымен қатар, аудио, видеоматериалдар, интернет-ресурстары да кең көлемде қолданылады. Құралдар мен техникалық құрылғылармен жабдықталуы оқу үрдісін лайықты дәрежеде жүргізуге мүмкіндік береді.

Сапа менеджемент жүйесінің құжаттарын тексеру барысында көз жеткізілді: инновациялық даму және сапаны бағалау орталығының ұйымдастыруымен ішкі аудит жүзеге асырылып, құжаттардың университеттің СМЖ талаптарына сәйкестігі бақыланып, сауалнама жүргізіліп, нәтижесі талданып отырады.

**Ескертулер жоқ**

**Ұсыныстар:**

1.Жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес, 6М020500 «Филология» мамандығының Білім беру бағдарламасындағы педагогика, психология пәндерінің мазмұнын жаңалау қарастырылсын.

2. Түлектердің сұраныстарына сәйкес, магистратурада «Филология» мамандығында төмендегідей пәндерді енгізу мүмкіндігі қарастырылсын: аударма теориясы (қазақ тілінен орыс тіліне, орыс тілінен қазақ тіліне), қазіргі прозатану, текстология, жазудың тарихы.

3.Түлектермен болған интервью кезінде «6М020500-Филология: қазақ тілі, орыс филологиясы» мамандығы бойынша ғылыми және педагогикалық бағыттағы магистратурадағы элективті пәндердің мамандыққа сәйкес келгенімен, жаңартуды қажет ететіндігі анықталды.

**Ұтымды жағы:** Есептік кезеңде білім алушылар мен оқытушылар ұлттық және шетелдік базалармен тегін жұмыс істеп келеді. Білім алушылар мен оқытушылар үшін оқу және жедел ақпарат кафедра, ЕҰУ порталы мен сайттарына қосылған, компьютерлік сыныптар Интернет пен университеттің жеке желісіне шығумен қамтамасыз етілген. Интернет-желінің өту қабілеті секундына 100 Мбит құрайды.

## СТАНДАРТ 3 - БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

**Өлшемдер негізінде талдау және дәлелдемелер:**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде Мамандық білімгерлерінің білім сапасын басқару «ҚР Білім беру жүйесі. Жоғары оқу орындарындағы білімді бақылау. Негізгі ережелер» негізінде жүргізіледі.

Білім алушылар ЖОО-ны басқару жұмыстарына қатысады. Ол мынандай бағыттарда іске асырылады: магистранттар кеңес жұмыстарына қатысып, факультеттегі, университеттегі ғылым, оқу-тәрбие жұмыстарын оқу-ұйымдастыруға және мәдени, ғылыми-зерттеу, азаматтық-патриоттық тәрбие жұмыстарына белсене қатысады.

Білім алушыға орталықтандырылған білім беру бағдарламасын іске асыруда білім алушыларға білім беру бағдарламаларын әзірлеу жұмыстарына қатысуға мүмкіндік беріледі. Осылайша ББ мазмұнындағы элективті пәндерді өзгертуге немесе толықтыруға қатысты өз ұсыныстарын енгізіп отырады. Сонымен қатар пән, оқытушы таңдауда, магистрлік диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілер тағайындауда және ЖОЖ құрастыруда да білім алушылардың жеке көзқарастары мен талаптары ескеріледі.

Блок бойынша пәндердің құрылымы белгіленген нормаға сәйкес. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада жалпы уақыттық ресурс бойынша 59 кредиттен кем емес, базалық пәндер – 20 кредит 48% кәсіптендіру пәндері – 22 кредит 52%. Сонымен қатар, оқытудың қосымша түрлеріне 13 кредиттен кем емес, қорытынды аттестаттауға 4 кредит.

Әр магистранттың жеке жұмыс жоспарының болуы: жеке оқу жоспарды қалыптастырудағы мақсаты әр магистрант өзіндік жеке білім алу траекториясын анықтайды.

Білім беру ортасы магистранттың мынадай қабілеттерін қалыптастырады: жеке тұлғалық, еркіндікке ұмтылушылық, кәсіби жағынан шеберлік, өзіндік әрекет етуші, өзін-өзі бақылап, өзгенің пікірін сыйлай білуші ретінде қалыптасады. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде магистранттарының білім алу траекториясын өз бетімен

анықтауына толық мүмкіндік жасалған. Ол жеке оқу жоспарын құру негізінде жүзеге асырылады.

Құрылымдық бөлімшелер магистранттарға білім беру бағдарламасын меңгеру барысында магистранттарға қолдау көрсету қызметін ұйымдастыру негізінде университет магистранттарға әлеуметтік қолдау көрсету бағдарламасын жасады. Ол магистранттардың алдағы ғылыми шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетініің дамуына бағытталды.

Магистранттардың кәсіби құзыреттілігін дамыту оқу процесінде белсенді әдістерді қабылдау негізінде қалыптасады. Олар іскерлік ойындар, проблемалық жағдайды модельдеу, топпен жұмыс жасау, «кейс әдісі», «стади технология» әдісі және т.б. әдістерді пайдалану арқылы іске асырылады.

Білім беру бағдарламасын іске асыру барысында магистранттардың құзыреттілігін бағалау ең маңызды. Бағалау нәтижелері ЖОО-да білім беру процесінің тиімділігін көрсетеді. Магистранттың білім деңгейін бағалау магистранттардың оқу материалдарын меңгеру дәрежесін анықтау негізінде іске асырылады.

Магистранттардың білім деңгейін бағалау үшін қазақ тіл білімі, қазақ әдебиеті және орыс филологиясы, теориялық және қолданбалы лингвистика кафедраларында оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері жасалған. МӨЖ бақылауының түрлері ағымдық бақылау; аралық бақылау; қорытынды бақылау; өздік бақылау болып табылады. Өзіндік жұмыс бақылауын қабылдау ауызша бақылау, жазбаша бақылау, тест бақылауы арқылы жүргізіледі.

Магистранттың жеке жұмыс жоспары барлық оқу мерзіміне құрастырылады, онда ғылыми-зерттеу жұмысы, магистранттардың диссертацияларының дәйектемесі мен құрылымы, магистранттың диссертациясының орындалу мерзімі, ғылыми публикацияларының жоспары, стажировкалар қамтылады. Әр оқу жылына арналған магистранттардың жеке жұмыс жоспарлары бар, оны бірінші проректор – оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры бекіткен.

Университеттің оқыту үдерісіне жоғары білікті мамандарды қалыптастыру және тарту; магистратура мамандықтарын ары қарай дамыту және білім беру бағдарламаларын енгізу көзделген. Магистранттың оқу жұмыс жоспары мынаны көздейді: ғылыми және техникалық зерттеу және шығармашылық қабілеттілігін дамытуға шешім қабылдай білуге дағдыландыруды үйрету.

Оқу жүктемесінде магистранттардың академиялық аудиториялық жұмыстарын МӨЖ толықтырылады. Магистранттың өздік жұмыстары «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру» ережесіне сәйкес ұйымдастырылады. Өздік жұмыс оқу үрдісінің барлық түрлеріне міндетті компонент болып табылады. Өздік жұмыстарды орындау барысында магистранттар ақпарат көздерімен жұмыс жасау, білімін жетілдіруде жеке әдістерді қолдану, талдау, сараптау және шығармашылық тұрғыдан ойлау, интеллектуалды белсенділігі және тапсырмаларды орындауда шығармашылық белсенділігінің дамуы, тұрақты түрде білімін толықтырып дамыту дағдысы қалыптасуы қажет. Осыдан барып, магистрант ғылыми-зерттеу жұмысымен және шығармашылық жұмыспен айналысуға дайын болады.

Магистранттарға ұсынылатын элективті пәндер каталогы жасалынған. Осы мақсатпен әр пәнге арналған магистранттардың дербес жұмыс жоспары жасалған, онда жеке іс парағынан бастап, жеке оқу жоспары, іс-тәжірибе, ғылыми зерттеу жұмысы, қорытынды аттестация, магистрлік диссертацияны орындау жоспары, ғылыми-зерттеу жұмысының орындалу кезеңдері көрсетілген.

Магистратура бойынша ББ оқу жүктемесі, академиялық кезеңнің көлемі, академиялық сабақтар мен оқу материалдарының ауқымы оқу жоспары мен бағдарламаларына сай. Оқытушы профессорлар құрамы оқу-әдістемелік кешендерде аталған мәселелер толығымен шешімін тапқан. Магистранттардың білімін бақылап, есепке алу критерийлері көрсетілген.

Модульдер каталогы жасалған, кредиттік технология бойынша білім берудің сипаттамасы, курс мазмұнының сипаттамасы берілген. ББ бағдарламасының шеңберінде қолданылатын педагогикалық әдістеме, магистр мен оқытушы арасындағы қатынастардың есебі бар. «6М020500-Филология: қазақ тілі, орыс филологиясы» мамандығының каталогы бірінші проректор – оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі бірінші проректор бекіткен.

Оқу үдерісіне қазіргі ақпараттық технологияларды қолданумен бірге, жаңа технологиялар, электрондық оқулықтар, компьютерлік оқыту бағдарламалары, мультимедиа технологиялары, бейне дәрістер, кейс-әдістер енгізілген.

Білім алушылардың оқу жүктемесі академиялық сағаттың жалғастығы және оқу жұмысының басқа да түрлеріне арналған академиялық сағатты толықтыратын оқу сағаты көлемімен анықталады.

Магистранттардың өздік жұмысы оқытушының жетекшілігімен жүргізіледі. Өздік жұмысы магистранттың өз күшімен орындалуы керек, оның логикалық қорытындысы, берілген тақырып бойынша маңызды мәселеге талдау жасалуы, нәтижесі шығарылуы, ғылыми зерттеу жұмыстарының элементтері орындалады.

Магистранттың өздік жұмысы репродуктивтік (өз бетінше оқу, оқу құралдарын конспектілеу т.б.), танымдық, ізденушілік (баяндама мен презантация дайындау, бақылау, курстық жұмыстар жазу) және шығармашылық (эссе дайындау, арнайы шығармашылық тапсырмалар орындау, магистрлік жұмыстарды әзірлеу т.б.) тұрғыдан сипатталады.

Магистранттардың білім деңгейін тексеру қазақ тіл білімі, қазақ әдебиеті мен орыс филологиясы, теориялық және қолданбалы лингвистика кафедраларында дұрыс ұйымдастырылған. Магистранттардың қорытынды аттестациясын жоспарлау МҒЗЖ, МЭЗЖЖ магистранттың бір аптадағы нормативтік жұмыс уақытымен 54 сағатқа тең (күніне 9 сағат, оның ішінде МӨЖ, аптасына шаққанда 6 сағаттық жұмыс күнімен).

Магистранттардың ақпараттандырылуына келетін болсақ, магистранттардың ғылыммен айналысуына мүмкіндігінше жағдай жасалынған. Университет кітапханасы, ондағы оқу залдары, компьютер кластары, интернет кластар қызмет көрсетеді. Университеттің кепілдік беруімен республикадағы басқа ғылыми кітапханаларда, диссертациялық залдарда жұмыс жасауларына мүмкіндік бар.

Жаңа техникалық құралдармен жабдықталған 4 компьютерлік класс, «Абай, Гейдар Әли, Р.Нұрғалиев, М.Серғалиев, Ә.Шәріпов, А.С.Пушкин

т.б.» ғылыми-практикалық орталығына арналған кабинеттер жұмыс істейді. Компьютер класында ең соңғы үлгідегі жаңа компьютерлер орнатылған, үш мультимедиалық кабинет жұмыс істейді. Университеттің кітапханасында компьютермен жабдықталған анықтамалық-библиографиялық, электрондық каталогтар бар. Кредиттік жүйемен оқитындықтан, магистранттар өздеріне қажетті материалдардың электрондық нұсқасын пайдалана алады.

Магистранттардың оқу сабақтары (практикалық жұмыстар, ауызша сұрау, жазбаша тапсырмалар, тест т.б.) үрдісіндегі оқу үлгерімін тексеру негізінде МӨЖ орындау негізінде ағымдық бақылау жүргізіледі. Бірнеше тақырыптар бойынша материалдар өтілген соң пән мазмұнының белгілі бір бөлімі меңгерілгендігін бағалау мақсатында белгіленген уақытта ғана аралық бақылау жүргізіледі.

Магистранттардың оқудағы жетістігін тексеру мақсатында оқу жылында екі рет өткізілетін аралық бақылаудан соң, пән негізінде толық теориялық білім берілген кезде емтихан түрінде өтіледі. Емтихандар ауызша, жазбаша және тест түрінде өтеді, әрбір пән бойынша емтихан түрі университет Кеңесінің шешімімен бекітіледі. Сонымен қатар, емтихан материалдары (тест тапсырмалары ауызша және жазбаша емтихан билеттері) кафедра отырысында қарастырылып, белгіленген мерзімде верификациялау актісімен бірге білім беру бөліміне өткізіледі.

Ақпараттық бағдарлама арқасында магистранттардың ағымдық, аралық бақылау, емтихандар нәтижесін университеттің ақпарат орталығынан немесе ғаламторға қосылған кез-келген компьютер арқылы көріп-білу мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, магистранттар оқытылатын пәннің мақсат-міндеттері, пререквизит, постреквизиттері, қысқаша мазмұны, бағалау саясаты, лекциялар презентациясы, МӨЖ орындауға берілетін әдістемелік нұсқаулар және т.б. оқу-әдістемелік материалдар жинақталған оқытушылар силлабусының электронды нұсқасын алып, пайдалану құқығына ие.

Магистранттардың қорытынды мемлекеттік аттестациясы кешенді емтихан және магистрлік диссертацияны қорғау түрінде өтеді. Мемлекеттік емтиханның өзіндік өту тәртібі көрсетілген бағдарламасы бар, генераторды қолдану арқылы жауап парағының бланкі, жауап хаттамасы және емтихан билеті құпия түрінде алынады.

Магистранттардың ғылыми зерттеу жұмыстарына қатысуы, халықаралық алмасулар мен тағылымдамалардың тиімділігі жоғары. Кафедраларда магистратураның болуы ғылыми зерттеу жұмысының бағыттарын анықтауға көмектеседі. Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағытын таңдау саясаты ҚР Үкіметі анықтаған басымды ғылыми даму бағыттарымен сәйкес қалыптасқан.

Кафедрада магистратура бойынша еліміздегі республикалық және халықаралық жетекші жоғары оқу орындарымен, білім беру, инновациялық және ақпараттық жобалармен алмасу мақсатында алыс және жақын шет елдермен байланыс орнатылған (Ұлыбритания, АҚШ, Германия, Түркия, Ресей, Қытай, Польша т.б.).

Университеттің ақпараттық ресурстары (сайт, әлеуметтік желілер) арқылы Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық білім беру бағдарламаларының бөлімі халықаралық алмасу білім алу бағдарламаларын

ұсынады. Үміткерлердің халықаралық алмасуы Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің серіктес ЖОО арасындағы шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

«6М020500-Филология: қазақ тілі, орыс филологиясы» мамандығының магистратурасы ғылыми-педагогикалық бағытта – 2 жыл. МЖМБС-ға сәйкес пәндер бойынша типтік бағдарламаларымен, оқытылатын барлық пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендерімен қамтамасыз етілген, бекітілген. Сабақ барысында инновациялық технологиялар мен интерактивті әдістер кеңінен қолданылады.

Кафедра ұжымы білім беру саласында көп жылғы тәжірибесі бар білікті мамандардан тұрады. Кафедралар – университеттегі білім беру және ғылыми жұмыстармен айналысуда алдыңғы қатарлы көрсеткіштері бар кафедралар болып саналады. Жаһандану үрдісіне байланысты шығармашылықпен жұмыс істейтін, сыни көзқарасы бар мамандар дайындау қажеттігі талап етіліп отырған казіргі кезеңде, кафедралардың жұмысы ұдайы жандандырылып отырады.

Магистранттардың кәсіби іс-тәжірибесі магистрантты кәсіптік білім беру бағдарламасына дайындаудағы академиялық күнтізбелік пен магистранттың жеке жұмыс жоспарына сәйкес бекітілген көлемде мамандық бойынша өтіледі. Магистранттармен іс-тәжірибені өткізу талаптары төмендегідей: магистратураның ғылым мен педагогикалық ББ-да іс-тәжірибенің екі түрі енгізілген: педагогикалық – білім беру ұйымдарында; зерттеулік – диссертацияның орындалатын орындарында.

Академиялық күнтізбеге сәйкес екінші курс магистранттары педагогикалық іс-тәжірибеден өтеді. «6М020500-Филология: қазақ тілі, орыс филологиясы» мамандығы бойынша оқу іс-тәжірибелердің ұйымдастырылуы мен жүргізілуі мамандық даярлаудың мақсаты мен тапсырмаларына сәйкес, ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты («ҚР Білім беру жүйесі. Кәсіптік тәжірибе. Негізгі ережелері». ҚР МЖМБС 5.03.005-2009) кәсіптік тәжірибе негізгі ережелеріне толық сәйкес келеді.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕНУ – Болон декларациясынының ұстанымдарына сәйкес білім беру жүйесін координалды модернизациялауды мақсат ете отырып, аймақтық және жалпы еліміздің инновациялық дамуын қамтамасыз ететін білім ошағы ретінде кең бағыттағы кадрларды дайындауды іске асырады.

Білім алушылардың оқыту сапасына қанағаттануы өз дәрежесінде.

ББ-ны іске асыратын кафедраларда магистранттар кафедралардың ғылыми жобаларына орындаушы ретінде қатыстырылады. Бұл бағытта қазақ тіл білімі кафедрасы бойынша «Қазақ фольклорын тілдік-жанрлық зерттеу» (2018-2020) ғылыми жобасы құрамында «6М020500-Филология: қазақ тілі, орыс филологиясы» мамандығының 2-курс магистранттары Қ.Кәрібай, К.Жұбатханова; теориялық және қолданбалы лингвистика кафедрасы бойынша «Разработка методологии и научно-методических основ формирования лингвистических компетенций студентов в контексте модернизации профессионального образования в Республике Казахстан» (2015-2017) ғылыми жобасы құрамында А.Г.Зобнина; «Языковая модель поликультурного образования: интерлингвокультурный аспект» (2015-2017) ғылыми жобасы құрамында К.Ш.Ибатуллина; «Языковое сознание этносов Казахстана в аспекте этнокультурного взаимодействия и формирования

евразийской толерантности» (2015-2017) ғылыми жобасы құрамында Э.М.Темиргалиева – барлығы 5 магистрант кіші ғылыми қызметкер ретінде зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Жұмыс берушілермен интервью барысында және түлектер жұмыс істейтін мекемелерді аралау барысында көз жеткізілді:

«6М020500-Филология: қазақ тілі, орыс филологиясы» мамандығы педагогика және ғылыми бағыттағы магистрлерін даярлау арқылы өңірдегі мектеп, колледж, жоғары оқу орындарын екінші, үшінші сатылы мамандармен қамтамасыз ету ісі нәтижелі жүзеге асырылуда.

Жеке оқу жұмыс жоспарын құруға мамандықтың типтік жоспары, оқу жоспары, пәндер каталогы, ПОҚ-ның сұранысы негіз болады. ЖОЖ-ды қалыптастырудың деңгейі: жоспар әр жылға мамандықтың типтік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогтары негізінде қалыптастырылады. Элективті пәндер бойынша оқытушылар презентация жасап, пәндерінің масқат-міндеттерімен таныстырады. Соның негізінде магистранттар элективті компонентті таңдау мүмкіндігіне ие.

Магистранттардың жеке жұмыс жоспарында әр оқу жылында оқытылатын пәндер, олардың кредиттік ауқымы, оқытылу реті, сабақ түрлері, бақылау формасы, практикалар, ғылыми-зерттеу жұмыстары, магистрлік диссертациялардың безендірілуі мен қорғауы қамтылады. Жеке жұмыс жоспары оқытушы жүктемесін белгілеуге және сабақ кестесін жасауға негіз болады.

Университет проректорларымен және кафедралардың меңгерушілерімен, профессор оқытушылар құрамымен интервью кезінде, сондай-ақ кафедралардың құжаттарымен танысу барысында көз жеткізілді:
магистранттардың ғылыми шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетінің дамуына қолдау көрсету мақсатында кафедралардың профессор-оқытушылар құрамымен бірге республикалық ғылыми жобаларға қатысуы қамтамасыз етілген. Магистранттардың ғылыми басылымдардағы жарияланымдары бойынша: ҚР ККСОН тізіміне кіретін журналдарда 2016 жылы **3** мақала; отандық және шетелдік ғылыми журналдарда 2016 жылы **1** мақала (Челябинск), 2017 жылы **2** мақала жарияланды.

Конференцияларға қатысу көрсеткіші бойынша: шетелдегі конференциялар жинағында 2013 жылы – жоқ, 2014 жылы – 3 мақала, 2015 жылы – 2 мақала, 2016 жылы– 9 мақала, 2017 жылы 3 мақала, 2018 жылы 1 мақала; Қазақстандағы конференциялар жинағында 2013 жылы – 2 мақала, 2014 жылы – 9 мақала, 2015 жылы – 15 мақала, 2016 жылы – 16 мақала, 2017 жылы 20 мақала, 2018 жылы 27 мақала жарияланған.

Магистранттың білім деңгейін бағалау магистранттардың оқу материалдарын меңгеру дәрежесін анықтау негізінде іске асырылады. Ағымдық және қорытынды аттестацияның тапсырмалары, сұрақтары, тестері, емтихан билеттері, практикалық тапсырмалары ОПҚ тарапынан құрастырылып, кафедра отырысында талқыланып бекітіледі. Магистранттар білімі курстық жұмыстарын қорғау арқылы бақыланады. Жұмысты қорғау оқу жылының 2-семестрінде диссертациялық тақырыптың аясында қорғалады.

Кафедралардың құжаттарын тексеру барысында магистранттың жеке жұмыс жоспары жоғары ғылыми-педагогикалық білім берудің кәсіптік бағдарламасына сәйкес дайындалғандығын, оның базалық және кәсіптендіру пәндерін, таңдау курстарын, практиканы, ғылыми-зерттеу жұмыстарын қамтитындығына көз жеткіздік.

Кафедралардағы элективті пәндердің катологын тексеру барысында көз жеткізілді: каталогта пән атауы, пән коды, кредит саны берілген. Пәндер циклі бойынша базалық, кәсіби пәндердің міндетті компонеттері, таңдау компоненттерінің пререквизиттері, постреквизиттері, мақсат-міндеттері көрсетіледі. Каталог қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жасалған.

Кафедралардағы оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешенін тексеру барысында профессор оқытушылар құрамының өз сабақтарында проблемалық дамыта оқыту, жоба әдісі, зерттеу әдісі, салыстырмалы-сараптау, сыни тұрғыдан ойлау әдістерін пайдаланатындығы дәлелденді.

Кафедралардың оқу-әдістемелік кешендерінде МӨЖ пән бөлімдерін өздігінен меңгеруге арналған материалдар негізінде және жұмыс бағдарламаларына сәйкес ұйымдастырылады. МӨЖ материалдары кафедраның оқытушы-профессорлар құрамымен құрастырылады. Типтік және оқу-жұмыс бағдарламаларының негізгі бөлімдерімен сәйкес келетін тапсырма жүйесі; реферат, баяндама және шығармашылық жұмыс тақырыптары; курстық және магистрлік жұмыс тақырыптары; әдебиеттер тізімі; бақылау формасы мен түрі; бағалау критерийі, ұсынылатын жұмыс көлемі, өткізу мерзімі және т. б.

МӨЖ тапсырмалары, өткізілу түрі, сағат саны, жалпы мазмұны пән бойынша силлабуста көрініс табады. Оқытушылар мен магистранттар өзара ОМӨЖ, МӨЖ өткізу, кәсіби іс-тәжірибе, жеке кеңес алу кезінде тығыз байланыста болады.

Магистранттардың білім сапасының мониторингісінің ішкі жүйеде бар болуына, ағымдық бақылау нәтижелері, магистранттардың білімінің қорытынды аттестациясы, магистранттардың диссертациялық жұмыстарының бағалануына кафедраларды аралау барысында көз жеткізілді.

Оқылған пән бойынша магистранттардың оқудағы жетістіктерін бақылау – балды-рейтингтік жүйе негізінде жүргізіледі, яғни оқытудың барлық көлемінде ағымдық және аралық бақылау, аттестация, қорытынды аттестация нәтижелеріне үздіксіз бақылау жүргізіледі.

Сыртқы ұтқырлық бойынша қазіргі кезде «6М020500-Филология: қазақ тілі, орыс филологиясы» мамандығының 2-курс магистранттары

К.Жұбатханова Астрахань мемлекеттік университетінде (03.09.2018-31.01.2019), Г.Алимбаева Ополе университетінде (Opole Univercity) (27.09.2018-25.02.2019) академиялық ұтқырлықпен білім алып жатыр.

Білім алушылармен интервью кезінде белгілі болғанындай, магистранттардың ғылыми зерттеу жұмыстары ғылыми мақала, баяндама, реферат, магистрлік жұмыстары, мақалаға пікір дайындауда, байқау, олимпиада, конференция, семинарға қатысуда, диспут т.б. іс-шараларды жүргізгенде жүзеге асады.

Тексеру барысында белгілі болғанындай, магистранттардың кәсіби іс-тәжірибе түрлері мерзімі мен мазмұны дайындық түрімен, мамандықпен, оқу-жұмыс бағдарламаларымен және іс-тәжірибе бағдарламаларымен анықталады. Қазақ тіл білімі мен қазақ әдебиеті, орыс филологиясы мен теориялық және қолданбалы лингвистика кафедраларында іс-тәжірибе бағдарламалары мен әдістемелік нұсқаулар педагогикалық бейімділікке сай университет базасының ерекшеліктеріне сәйкес әзірленген.

Сауалнама көрсеткіштерін сараптағанда анықтағанымыз: көрсетілген білім беру қызметінің сапасы магистранттарды қанағаттандыруы үшін, сондай-ақ оқу үдерісін жетілдіру үшін мониторинг және сапа менеджменті бөлімі үнемі «Магистранттардың білім беру сапасына қанағаттануы» атты әлеуметтік сауалнама жүргізеді. Сауалнама нәтижелері 98 %- дық көрсеткішті қамтиды.

**Ескертулер жоқ**

**Ұсыныс.**

Жұмыс берушілердің сұраныстарын ескеріп, білім беру үдерісінде төмендегідей аспектілерге назар аударылсын:

- магистранттардың кәсіби құзіреттілігін дамыту;
- функционалды сауаттылығын жетілдіру,
- әдеби тілдің нормаларын меңгеруі.

## СТАНДАРТ 4 - БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМ, ТАНУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ

### Өлшемдер негізінде талдау және дәлелдемелер:

ҚР «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтары, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді, сонда білім берудің нәтижелілігі талапкерлерді конкурс негізінде іріктеу, түлектердің білім беру стандарты талаптарын орындауына дайындық дәрежесі, түлектердің еңбек нарығындағы сұранысқа ие болуы, білім берудің нәтижелілігін біліктілік негізінде ғана емес, оқу пәндерінің циклі (модулі) негізінде бағалау т.б. арқылы айқындалады.

Кафедралардағы кәсіби бағдар жұмысы бекітілген жоспарға сәйкес орындалады. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде «Филология» мамандығында бакалавриат, магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша талапкерлер саны артып келеді.

Университет түлектері магистратура бағдарламасын ЕҰУ-да жалғастыруды таңдайды. Мұның өзі кафедралардың түлек дайындаудағы сапасын айқындап, кәсіби бағдарлау мен маман дайындау жұмысының нәтижелілігін көрсетеді. Бекітілген жоспарға сәйкес қала мектептерінде, облыс орталықтарында кәсіптік үгіт-насихат жұмыстары ұдайы жүргізіледі.

ББ бойынша бітірушілердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктері жоғары. Олар ғылыми орталықтарда, орта мектептерде, арнаулы кәсіби және жоғары оқу орындарында, бұқаралық ақпарат құралдарында, министрліктер мен мемлекеттік органдарда қызмет етіп жатыр. 6М020500 – «Филология» мамандығы бойынша түлектерді жұмыспен қамту 100 пайызды құрайды. Екі жылдық ғылыми-педагогикалық дайындықтан кейін магистратураны бітірушілерге гуманитарлық ғылым магистрі деген академиялық дәреже беріледі.

Білім беру бағдарламасы бойынша университетке қабылданатын білім алушыларға жағдай жасау, магистранттар тартуды тұрақты түрде қамтамасыз ету ҚР ЖОО-на қабылдаудың Типтік ережелері негізінде жүзеге асырылады. Магистранттарды қабылдау ережесі ҚР Үкіметінің «Кәсіби жоғары білім оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Типтік Ережелері негізінде жүргізіледі.

Магистратураға түсуші азаматтар түсу емтихандарын бір шет тілі бойынша және мамандық бойынша тапсырады. Шет тілі, қазақ және орыс тілдері бойынша түсу емтихандары ҚР БҒМ МЖББС мен тестілеудің ұлттық орталығы әзірлеген технология бойынша тестілеу түрінде тапсырылады.

Магистранттарды мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылдау түсу емтихандарының қосындысында осы ережеге сәйкес бағалаудың 100 шкаласы бойынша 150 балдан кем емес, ең жоғары балл жинаған тұлғалар жіберіледі) жинаған тұлғалар жіберіледі.

ЖОО магистранттарының контингенті мемлекеттік грант негізінде, ақылы негізде және өзге де қор көздердің есебінен оқитын магистранттармен толығады. «Филология» мамандығының магистратурасына жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламасын меңгерген тұлғалар қабылданады.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінде әр оқу жылының басында университет басшылығы, магистратураға жауапты бөлімнің басшысы, академиялық мәселелер департаменті, тіркеу-офисі бөлімінің жауапты қызметкерлерінің қатысуымен дәстүрлі түрде 1-курс магистранттарымен кездесу өткізіліп тұрады. Бірінші курсқа қабылданған магистранттарға эдвайзерлер тағайындалып, олар кредиттік жүйенің

ерекшеліктері, сабақ кестесі, кітапхана жүйесі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Өзге ЖОО-дан ауысып келген магистранттарға университеттің оқу корпустарында, кітапханаларда, мәдени-сауықтыру кешендерінде қызмет көрсетуге мүмкіндіктер жасалған.

Білім беру бағдарламалары және оның білім беру деңгейлері бойынша магистранттар контингентінің базасы жасалған. Базада магистранттардың кәсіби даярлығы туралы мәліметтер жинақталады.

Платонус жүйесінде магистранттардың үлгерім деңгейі, олардың әр курс бойынша жинаған GPA көрсетіледі. Диссертация қорғау нәтижелері, білім беру бағдарламасын аяқтағандығы жөнінде ақпарат жинақталады.

ЖОО-да білім беру нәтижелерінің көрсеткіштеріне талдау және бағалау жүргізіліп отырады. Білім беру нәтижелері төмендегі көрсеткіштер бойынша бағаланады:

Бітірушілердің ББ талаптарын орындаудағы дайындық деңгейі шет тілі мен арнайы пәннен жинаған балының нәтижесі, оқу жылы басындағы өткізілген білім көрсеткіші, үлгерім деңгейі бойынша анықталады (14-қосымша).

Бітірушілердің еңбек нарығындағы қажеттілігі еңбекпен 100% қамтылуымен, Білім басқармаларындағы талап етілген бос орындарға берілген өтініштермен анықталады.

Еңбек нарығындағы тұтынушылардың сұранысына сәйкес университет білім беру нәтижелілігіне баға бере отырып, тұтынушылардың қажетін өтеуде жетістіктерге қол жеткізу үшін білім беруді жетілдірудің негізгі мақсаттарын айқындап отырады. «Филология» мамандығының магистратурасын бітіруші түлектер үнемі еңбек нарығында сұранысқа ие, жұмысқа тұру көрсеткіші 100 %-ды құрайды.

Білім берудің нәтижелілігін жұмыс берушілердің магистрант түлектерге берген бағалауынан байқауға болады. Жұмыс берушілерден түскен пікірлер білім беру бағдарламасын бітірушілердің жұмысы және кәсіби деңгейі туралы жағымды бағалаулардан тұрады.

ЖОО-да әр семестрде оқыған пән бойынша магистранттарға сауалнама жүргізіледі. Мониторинг нәтижесі әрбір пән оқытушысына қолжетімді, өз пәнінің магистранттар тарапынан қалай бағаланғандығын пән оқытушысы Платонусқа кіріп біле алады. Бұл жұмысты университеттің СМЖ бөлімі қадағалап отырады.

Университетте бітіруші магистрант жұмысының шынайылығын тексеретін Антиплагиат бағдарламасы жұмыс істейді. Антиплагиат нәтижесі бойынша 50 пайыздан төмен алған магистранттар қорғауға жіберілмейді.

Білім берудің нәтижелілігін біліктілік негізінде ғана емес, оқу пәндерінің циклі (модулі) негізінде бағаланады. Түлектердің құзіреттілігінің қалыптасуы: жалпымәдениеттілік және жалпыкәсібилік (пәндік спецификалық, пәндік-арнаулы). Білім – болашақ бағдары, кез келген маман даярлайтын оқу орнының басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның

құзыреттілігін дамыту. Құзыреттілік – магистранттың әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі.

Жалпы құзіреттілік бүгінгі әлемдегі еңбек нарығында сұранысқа ие бәсекеге қабілетті маманның төмендегідей тұлғалық сапаларын қарастырады: тұлғалық, жүйелілік, жобалаушылық, коммуникативтік, рефлексивтік, біртұтас педагогикалық процесті басқарушылық және т.б. Құзіреттілік педагогтың біртұтас педагогикалық процесті нәтижелі басқара алуға қажетті кәсіби іс-әрекеттің біліктілігін анықтай отырып, оны шығармашылық процеске итермелейтін интеллектуалдық әлеуетін ашады.

МЖМББС және жұмыс берушілердің талаптары негізінде бітіруші түлектердің теориялық және эмпирикалық білімнің көлемін, деңгейін, мазмұнын меңгеруі талап етіледі.

Жоспарланған білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін білімгерлерге ұсынылған жағдайлардың жиынтығы

а) айқындалған мақсат, міндеттер мен бағдарламаның білім беру нәтижелері

в) бағдарламаның қисынды және үйлестірілген құрылымы

г) дұрыс іріктелген оқытушы-профессорлық құрам

д) әсерлі білім беру технологиялары

е) мақсатына, міндетіне, нәтижесіне және бағдарлама сипатына бара-бар білімгерлердің оқу жетістіктерін бағалау әдістері

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында магистратураның білім беру бағдарламасын жүзеге асыру әр магистранттың кітапхана қорлары мен ақпараттар базасына еркін енуі, барлық пәндер және сабақтың барлық түрлері – практикумдар, курстық және магистрлік диссертациялар, практикалар бойынша әдістемелік құралдар мен ұсыныстардың бар болуы, сонымен қатар, көрнекілік құралдары, аудио және бейнематериалдар арқылы қамтамасыз етілген.

ББ бағдарламасының білім беру нәтижелілігін айқындау үшін еңбек нарығымен кері байланыс механизмінің болуы маңызды. Соған сәйкес білім беру жүйесі мен еңбек нарығы арасында қажетті деңгейде сәйкестілік бар.

Жұмыс берушілермен болған интервью университеттің «Филология» мамандығын бітірген түлектердің білім деңгейі мен кәсіби шеберлігі жоғары екендігін айта отырып, одан әрі жетілдіруге көңіл бөлінетін тұстары бар екендігін де алға тартты.

Қазақ тіл білімі, қазақ әдебиеті, орыс филологиясы, теориялық және қолданбалы лингвистика кафедрасында барлық ОПҚ-ның базалық білімі білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес.

Есептік кезеңде Жоғары білім бліктілігін таныту мақсатында кафедра оқытушылары қысқа мерзімді ұтқырлықпен шетелде болды. Бұл шаралардың барлығы басқа шетелдік ЖОО-лармен байланыс орнату және университетімізді таныту мақсатын көздейді. Атап айтсақ, 2017 жылдың 5 желтоқсаны мен 25 желтоқсаны аралығында профессор, ф.ғ.д. Ж.А.Жақыпов, 2016 жылдың 15-20 желтоқсаны аралығында ф.ғ.д., профессор Б.Әбдуәлиұлы қысқамерзімді ұтқырлықпен Минзу университетінде (Пекин, ҚХР), профессор, ф.ғ.д. Ш.Қ.Жарқынбекова, Е.А.Журавлева Германия, Дрезден

техникалық университетінің Славистика институтында (01.05.-05.05.2018) дәріс оқыды.

Кафедраларда ОПҚ-ның жеке жұмыс жоспарында да инновациялық технологияны және интерактивті әдістерді қолдану мәселесі қарастырылған. Магистранттардың әр тақырыпқа ғылыми, сыни тұрғыдан өз пікірін білдіріп, дәлелдеуге, ойын тұжырымдауға мүмкіндік беріліп, жетістіктері қолдау тауып отырады.

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында оқитын магистранттардың оқу бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері семестр бойына бағаланады.

**Ұсыныс.**

Магистранттардың өзіндік жұмыстарының түрлері мен формалары кеңейтілсін.

## СТАНДАРТ – 5. ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛЫҚ ҚҰРАМЫ

**Өлшемдер негізінде талдау және дәлелдемелер:**

Оқытушы-профессорлық құрамының сапасы оқу үдерісінің басты ресурсы болып табылады.

«6М020500-Филология: қазақ тілі, орыс филологиясы» мамандығын даярлау жұмысын қазақ тіл білімі, қазақ әдебиеті, орыс филологиясы, теориялық және қолданбалы лингвистика кафедрасы жүзеге асырады. Кафедра ОПҚ біліктілігі білім беру бағдарламасы бейіні мен оқытылатын пәндерге сәйкес.

«6М020500-Филология: қазақ тілі, орыс филологиясы» мамандығының кадрлық қамтамасыз етілу көрсеткіштері 2007 жылғы 2 маусымдағы № 452 Білім беру қызметіне қойылатын лицензиялау ережесі, 2007 жылғы 14 желтоқсандағы № 635 Жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлар құрамының және ғылыми қызметкерлердің лауазымдарына конкурстық орналасудың ережесі, 2010 жылғы 22 қаңтардағы № 16 Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесі талаптарына сәйкес келеді. Оқытушыларды бос лаузымдарға жұмысқа қабылдау конкурс нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Университет тарапынан кадрлар деңгейі үнемі қадағаланып іріктеу жүргізіліп отырады. 2016 жылдан бастап ОПҚ-ның жылдық жұмыстарының нәтижесін бағалап, жинақтау мақсатында әрі университеттің стратегиялық және шұғыл мақсаттарын жүзеге асыру үшін әрбір қызметкердің үлесін көрсететін ЕҰУ-дың KPI жобасы енгізілді. Бұл жүйе көрсеткіштердің объективтілігін, айқындығын анықтауға негізделеді. ОПҚ-ның KPI нәтижесінің есебі http://kpi.enu.kz. автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Университет менеджменті KPI жүйесінің қорытындысы ЕҰУ сайтында жарияланады. Оның көрсеткішін (http://www.enu.kz/ru/info/novosti-enu/49489/?sphrase_id=1113725) сайтынан көруге болады.

KPI жүйесін енгізудегі мақсат оқытушылардың біліктілігін жоғарылатуды материалдық және моральдық тұрғыда ынталандыру,

педагогикалық және ғылыми қызметінің нәтижелілігін қолдау, оқытушы қызметі деңгейін және тиімділігін көтеру. 2017 жылы автоматтандырылған KPI жүйесі ОПҚ-ның ұсыныстарын, кафедра меңгерушілері мен декандардың ұсыныстарын ескере отырып жетілдіріледі.

ОПҚ-ның базалық білімі, ғылыми дәрежесі мен атағы «6М020500-Филология: қазақ тілі, орыс филологиясы» білім беру бағдарламасына толық сәйкес келеді. Олар: 10.02.02 – қазақ тілі, 10.01.02 – қазақ әдебиеті, 10.02.01 – орыс тілі, 10.01.08 - әдебиет теориясы, 10.01.06 – фольклор, 13.00.02 – оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі. Кафедралардың оқытушы-профессорлар құрамының ғылыми дәрежесі 100% құрайды. Оқу пәндерінен дәріс оқитын мамандар жеткілікті.

Білім беру бағдарламасын іске асыруға оқытушылар түгелдей қатысады. Оқытушылар бағдарламаны, оның білім беру мақсаттары мен нәтижелерін жетілдіруге, оқыту нәтижелілігін арттыруға үлес қосады. Қазіргі уақытта «Филология» мамандығының ЭПК ЖОО Ғылыми кеңесі бекіткен, теориялық және қолданбалы лингвистика, қазақ тіл білімі, қазақ әдебиеті кафедраларының жетекші мамандары әзірлеген қазіргі заманғы филология ғылымы үшін өзекті курстардан тұрады.

Оқу бағдарламасын жүзеге асырушы ОПҚ құрамы толық қалыптасқан. ОПҚ құрамының жүктемелері пән санына, оқу жүктемелерінің нормативіне, білім алушылар контингентіне сәйкес анықталып отырады.

Білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту тиімділігін арттыру, жетілдіру мақсатында ОПҚ тиісті түрлі іс шараларды жүргізеді.

Оқытушылардың еңбек тәжірибесі де мамандық бойынша оқу пәндерін жүргізуге толық сай келеді. Мамандықта жұмыс істейтін оқытушылардың орташа жас мөлшері 45-58 жас аралығын қамтиды. Білім беретін ОПҚ-ның ғылыми әлеуеті өте жоғары.

ОПҚ-ның қызметтік жоспары әр оқытушының бір жылға жоспарланған жеке жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады. Оқытушының жеке жұмыс жоспарына оның оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие жұмыстарының жоспары мен есебі кіреді.

Педагогикалық жүктемені анықтау кезінде кафедралардың оқытушыларының оқу және ғылыми қызметі арасындағы теңгерім қамтамасыз етілген. Өзінің кәсіптік қызметінде оқытушылар оқу және ғылыми жұмысты сабақтастырады. Бұл оқу үдерісі мен өзінің ғылыми зерттеулерінде филология ғылымының озық идеяларын пайдаланудан; жетекші академиялық журналдардағы жарияланымдардан, отандық және шетелдік орталықтармен зерттеулердегі кең түрде бірлесуден; халықаралық конференциялар мен форумдарға қатысудан көрінеді.

ББ әзірлеуде оның білім берудегі нәтижелерінің мақсаты мен құрылымы үнемі жаңартылып, жетілдіріліп отырады. Білім сапасын арттыру мақсатында шетелдік ЖОО-дан білікті мамандар оқу үдерісіне тартылады. Кафедраларда дәріс оқу үшін шетелдік кеңесшілерді шақыру кестесі жыл сайын бекітіледі.

ЖОО-да оқытушылардың құзіреттілігін бағалаудың тетіктері мен критерийлері жасалған. Оқытушылардың құзіреттілігін жүйелі бағалау мен сабақ беру сапасының нәтижелелігін бағалау: ішкі бақылау ашық сабақтар, сабаққа өзара қатысу, бақылау қатысулары негізінде; білім беру қызметтері сапасы мен ОПҚ құзіреттілігінің деңгейі туралы білім алушылардың пікірлерін анықтау арқылы; сыртқы бағалау жұмыс берушілер сауалнамасы, «Үздік оқытушы» конкурсына қатысу арқылы жүзеге асады.

Кафедралар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып отырады. ҚР БжҒМ тарапынан қаржыландырылатын ғылыми жобалар саны жыл сайын артып келеді. Кафедралардың ОПҚ аталған ғылыми жобалардың жетекшісі және орындаушылары (жетекші, аға, кіші ғылыми қызметкер) ретінде белсене қатысады. Сонымен қатар орындаушы ретінде кафедра, университеттен тыс ұйымдар мен мекемелердегі ғылыми жобаларда ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ғылыми жобалардың тақырыбы білім беру бағдарламасының мақсатына сәйкес филологияның өзекті мәселелерін қамтиды.

Ғылыми зерттеу жұмысының тағы бір бағыты ОПҚ-ның Thomson Reuters, Scopus халықаралық ғылыми басылымдардағы ғылыми жарияланымдарымен сипатталады. Есеп беру кезеңін қамтитын соңғы 5 жыл ішінде аталған басылымдардағы ғылыми жарияланымдар санының жыл сайын артып отырғаны байқалады. Аккредиттеу кезеңінде Scopus базасындағы h-index көрсеткіші өсіп отыр. ОПҚ-ның ҚР БҒМ БҒСБК тізіміне кіретін журналдардағы жарияланымдары да жыл сайын сан жағынан артып отырады.

ОПҚ аккредиттеу мерзімінде шет мемлекеттерде ұйымдастырылған ғылыми конференциялар мен семинарларға қатысып, баяндама жасады. Сонымен қатар кафедралар тарапынан халықаралық, республикалық деңгейдегі конференциялар, вебинар, семинар, күзгі, жазғы мектептер, ғылыми дөңгелек үстел тәрізді ғылыми шаралар ұйымдастырылып отырады. 2013-2018 жылдар аралығында ББ-ны жүзеге асыратын кафедралар тарапынан 18 халықаралық, 7 республикалық конференция, 23 халықаралық вебинар, семинарлар, 8 күзгі, қысқы мектеп, 20 ғылыми дөңгелек үстел, 2 біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырылды.

ОПҚ-ның ғылыми зерттеулері оқу құралы түрінде жарияланып, ББ бойынша оқу үдерісіне енгізіледі. Жарияланған оқу құралдарының авторлары авторлық құқық нысанына ие болған.

ББ аясында магистранттарды ғылыми жұмыстарға тартуға баса мән беріліп, білім алушылар зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша түрлі байқауларда баяндама жасап, жүлделі орындарды иеленген.

Пәндерді оқыту сапасын бағалау дәрежесін анықтау бойынша ANKETA.ENU-да қазақ және орыс тілдерінде жылына екі рет онлайн-сауалнама жүргізіледі. Сауалнама 10 сұрақтан тұрады. Онлайн-сауалнаманың мақсаты**:** білім алушылардың оқытылатын пәндердің сапасына қанағаттанушылық дәрежесін анықтау.

ББ-ны жүзеге асыру аясында кафедраларда академиялық ұтқырлық жүзеге асырылады. Сонымен қатар П ЕҰУ 39-15 Шетел мамандарын шақыру және келу шығындарын өтеу Ережесіне сәйкес, кафедраларға шетелдік профессорлар шақырылып, дәрістер оқиды. Оларға кафедра жүктемесінен білім беру бағдарламаларының негізінде бекітілген пәндер қарастырылады.

2016-2017 оқу жылындағы KPI қорытындысы бойынша қазақ тіл білімі кафедрасынан 5 оқытушы, қазақ әдебиеті кафедрасынан 3 оқытушы, теория және қолданбалы лингвистика кафедрасының 6 оқытушысы, орыс филологиясы кафедрасының 8 оқытушысы – барлығы 22 оқытушы жоғары көрсеткішке жетіп, университет тарапынан марапатқа ие болды. 2017-2018 оқу жылында қазақ тіл білімі кафедрасы бойынша 8 оқытушы, қазақ әдебиеті кафедрасы бойынша 6 оқытушы жоғары көрсеткішке ие болды.

Қазақ әдебиеті кафедрасы мен орыс филологиясы кафедраларын тексеру барысында олардың ғылыми-зерттеу жұмыстары зерттеулердің әлемдік деңгейіне бағдарланғандығы анықталды.

Есептік кезеңде ББ аясында шетелдік профессорлар дәрістер оқып, кеңестер берді. Атап айтқанда, 2013 жылы 1 профессор (Метин Екижи, Еге университеті, Түркия); 2016 жылы 3 профессор Айша Иклер, Метин Екижи, Фикрет Түркмен (Түркия) арнайы шақыртумен дәріс оқыды.

Дәріс оқу сапасының тиімділігін бағалау мақсатында ашық сабақтар өткізіледі. Сонымен қатар тәжірибе алмасу мақсатында оқытушылар өзара сабаққа кіреді. ОПҚ-ның сабақ өткізу сапасын анықтау үшін білім алушылар арасында сауалнама жүргізіледі. Өзара сабаққа қатысу және ашық сабақ нәтижелері кафедраның әдістемелік кеңес мәжілістерінде талқыланады.

2014-2018 жылдар аралығында қазақ тіл білімі кафедрасында– 3, қазақ әдебиеті кафедрасында – 3, орыс филологиясы кафедрасында – 3, теориялық және қолданбалы лингвистика кафедрасында – 4; барлығы 13 ғылыми жоба бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Есептік мерзім аралығында 2013-2018 жылдары 22 монография, оның ішінде 7 монография шетелде (Мәскеу, Польша, Волгоград, АҚШ), 6 оқулық, 26 оқу құралы, 6 электрондық оқу құралы, 3 цифрлық білім беру ресурсы (ЦББР), библиографиялық, ақпараттық-анықтамалық көрсеткіш жоғары: 816мақала жарияланған.

Оның ішінде Thomson Reuters-21, Scopus басылымдарында – 79, Хирша индексі бойынша – 11, ҚР БҒМ БҒСБК тізіміне кіретін журналдарда – 179, Thomson Reuters и Scopus базасына енбейтін журналдардағы жарияланымдар – 48, Қазақстанда өткен конференцияларда – 330, шетелдегі ғылыми конференция, симпозиум, семинарларда – 189 мақала жарияланған.

2013 жылы Греция, Болгария, Сингапур, Финляндия, Россия, Чехия, Турция (32 баяндама), 2014 жылы Венгрия, Италия, Польша, Жапония, Ресей, Украина, Қырғызстан, Австрия (23 баяндама); 2015 жылы Ресей, Беларусь, Литва, Испания, Малайзия, Шри Ланка, Польша, Англия, Түркия, ГонгКонг (38 баяндама); 2016 жылы Ресей, Кипр, Беларусь, Чехия, Польша

(38 баяндама); 2017 жылы Қазан, Түркия, Болгария, Беларусь (41 баяндама), 2018 жылы Ташкент, Болгария, Уфа, Мәскеу т.б. (17 баяндама) мемлекеттерде өткен конференциялар мен семинарлар. «Филология: қазақ, орыс филологиясы» білім беру бағдарламасының магистратурасында білім алушылар қатысты. Сауалнамаға қатысқандар:43 магистрант

«Мен дәріс, практикалық / семинар, зертханалық сабақтардағы оқыту сапасына (оқытушының материалды меңгеруі, материалдың практикалық бағыты, баяндаудың қолжетімділігі мен түсініктілігі) қанағаттанамын» - 4 балл;

«Оқыту әдістері оқытудың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді» - 3,9 балл;

«Пәнді оқу үшін соңғы 5 жылда шығарылған ғылыми және оқу әдебиеті ұсынылады» - 3,9 балл;

- «Пән тақырыптары бұрын оқыған материалмен қайталанбайды» - 3,9 балл;

«Мен пән бойынша тапсырмалар көлеміне және оларды орындауға берілген уақытқа қанағаттанамын» - 3,9 балл;

«Пән бойынша тапсырмалар, білімді бақылау түрлері мен әдістері маған қалыптасқан құзыреттіліктерді (білім, білік, дағды) көрсетуге мүмкіндік берді» - 3,9 балл;

«Мен келесі курстардың білім алушыларына осы пәнді оқытуды ұсынар едім» - 3,9 балл;

«Оқытушы білім алушылардың оқытушымен (БОӨЖ) өзіндік жұмысын жүргізуге арналған уақытта қол жетімді» - 3,8 балл;

«Мен курстың басында осы пәнді оқып болғаннан кейін меңгеруге тиіс жоспарланған оқу нәтижелерімен (білім, білік, дағды) таныстым» - 3,8 балл.

Сауалнамадағы жауаптардан көріп отырғанымыздай, 6М020500 – «Филология: қазақ, орыс филологиясы» білім беру бағдарламасының білім алушылары пәндерді оқыту сапасына қанағаттанады.

**Ескертулер жоқ.**

**Ұтымды жағы.**

Университеттің KPI жүйесінде жоғары көрсеткішке жеткен оқытушыларды материалдық жағынан ынталандыру жақсы жолға қойылған.

## СТАНДАРТ 6 - ОҚУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ

**Өлшемдер негізінде талдау және дәлелдемелер:**

Білім беру бағдарламасының нәтижелі, толыққанды орындалуы үшін университеттің материалдық-техникалық базасын, кітапханалық қорын және ақпараттық ресурстарды үнемі толықтырып, заманауи талаптарға сай жаңалап отырады.

«6М020500-Филология: қазақ тілі, орыс филологиясы» мамандығы бойынша магистранттар университеттің материалдық-техникалық базасын толығымен пайдаланады.

Білім алушылар оқитын оқу ғимараттары мен тұратын жатақханаларда түрлі шаралар жүзеге асырылады. Студенттер кеңесі әртүрлі мәдени, спорттық іс-шаралар, конкурстар өткізіп тұрады. Бұл шараларды іске асыруға жағдай толық жасалған.

Университеттің құрлымдық бөлімдері білім алушылардың ББ-ны меңгеруге қолдау көрсетеді. Ақпараттандыру жұмысымен топ эдвайзерлері және студенттік кеңес айналысады. Білім алушылардың ББ-ны меңгеруіне эдвайзерлер түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, қолдау көрсетеді.

Магистранттар дәстүрлі және электронды каталогтармен, жаңалықтар бюллетенімен, ғаламтор қорымен және т.б. жабдықталған ғылыми кітапхананың кітап және электронды қорын қолдана алады.

Магистратурада білім алушылардың тәжірибесі мен білімін жетілдіру мақсатында академиялық ұтқырлық бағдарламасы жақсы жолға қойылған. Сыртқы ұтқырлық бойынша магистранттар алыс, жақын шетел жоғарғы оқу орындарында білім ала алады. Білім алушыларға шетелдік оқу орындарын таңдауға, пән таңдауға және пәндерін сәйкестендіруге эдвайзерлер, кафедра меңгерушісі, университеттің құрылымдық бөлімдері көмек көрсетеді.

Магистранттардың өзіндік жұмыстарын орындауда оқу корпусында орналасқан арнаулы кабинеттер көмекке келеді. Кабинеттер қажетті техникалық құралдармен жабдықталған. Барлық электронды оқу басылымдары заманауи талаптарға жауап береді, веб-сәйкестендірілген және университеттің білім беру порталына салынған (www.enu.kz), сол арқылы корпоративті желі мен Интернет желісінде жұмыс істеу мүмкіндігі қамтамасыз етілген.

«6М020500-Филология: қазақ тілі, орыс филологиясы» білім беру бағдарламасын іске асыру үшін бірыңғай ақпараттық және кітапханалық қызметтің жүйесі іске қосылған. Университетте ББ аясындағы пәндер блогы бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қоры жинақталған және жыл сайын жаңадан жарық көрген уақыт талабына сай, ғылыми, оқу-әдістемелік әдебиеттерін сатып алуға сұраныс жасалып тұрады. Университет кітапханасындағы әдебиеттер қорын магистранттардың пайдалану мүмкіндігі бар.

Кафедралар мен факультеттердің өтінімдері бойынша кітапхана қоры толықтырылып отырады. Қажетті оқу-әдістемелік әдебиеттерді сатып алу тұрақты түрде жүргізіледі. Кітапхананың негізгі мақсаты-толық көлемде және дер кезінде университеттің оқытушылары мен студенттеріне, магистранттары мен қызметкерлеріне кітапханалық-библиографиялық тұрғыда көмектесіп, олардың сұранысына орай кітапхана қорындағы әдебиетпен қамтамасыз ету.

Кітапхананың ақпараттық ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін кітапханадағы барлық оқулықтар мен ғылыми әдебиеттер, әдеби кітаптар қоры электрондық каталогтардың жүйесіне енгізілген. Ұлттық кітапханамен, ғылыми орталықтандырылған кітапханалармен, басқа да ЖОО кітапханаларымен интернет жүйесі арқылы бірыңғай желіге қосылған.

Университет кітапханасында қажетті әдебиетті іздеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін және жеке оқулықтар мен оқу-әдістемелік материалдардың электрондық нұсқаларына қолжетімділікті қамтамасыз ететін электрондық каталог бар. Университтте ББ пәндері бойынша электрондық әдебиетті қамтитын электрондық кітапхана бар. Барлық ПОӘК 100% электрондық түрде университет порталында орналастырылған, оған әр магистрант өзінің жеке кабинеті арқылы кіре алады. Барлық электрондық оқу басылымдары заманауи талаптарға жауап береді, веб-бағдарланған және университеттің білім беру порталында (www.enu.kz) орналастырылған, корпоративтік және ғаламтор желісінде жұмыс істеу мүмкіндігі қамтамасыз етілген.

Ресурстық базалардың дамуы мен кітапханалық қордың жаңартылуы «Ақпараттық ресурстар мен кітапханалық қор» талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Магистранттар үшін ақпараттық ресурстарға қосылған компьютерлік сыныптар мен терминалдар (локалдік желі, интернет) жұмыс істейді. Бұл ОПҚ мен білім алушылардың кез келген отандық және шетелдік мәліметтер базасына кіруіне қолайлы.

«6М020500-Филология: қазақ тілі, орыс филологиясы» білім беру бағдарламасын іске асыруға қамтылған оқу-көмекші қызметкерлер қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Әкімшілік-басқару қызметкерлерінің құрылымы мен құрамы ЖОО-ның экономика мен әлеуметтік өмірдің түрлі салаларындағы жоғары білікті мамандар дайындау бойынша алға қойған міндеттерді ескерумен және басқаруды ұйымдастыру тиімділігі мен жүйелілігі принциптері негізінде жасалған.

Білім беру бағдарламаларын меңгеру барысында түрлі себептермен қалып қойған білім алушыларға кредиттерін игеру үшін жазғы және күзгі семестрлер кезінде мүмкіндіктер беріледі. Студенттер мен оқытушыларды (Web-сайт негізінде) барлық ББ бағдарламалары бойынша бірыңғай ақпараттық желімен қамтамасыз етіледі. Білім алушылардың ішіндегі мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға олардың мүмкіндіктеріне сәйкес жағдайлар жасалған.

